

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«Ордабасы ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2022 ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Ордабасы ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігі;

2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

№	Мемлекеттік аудит объектісінің атауы	Мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала)
1	"Ордабасы ауданының мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
2	"Ордабасы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
3	"Бадам ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам а/о
4	"Бөген ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бөген а/о
5	"Бөржар ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бөржар а/о
6	"Жеңіс ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Жеңіс а/о
7	"Қараспан ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан а/о
8	"Қажымұқан ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
9	"Қарақұм ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қарақұр а/о
10	"Төрткүл ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Төрткүл а/о
11	"Шубар ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шубар а/о
12	"Шубарсу ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шубарсу а/о
13	"Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
14	"Ордабасы ауданы әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Ордабасы аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
15	"Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Ордабасы аудандық орталықтандырылған кітапханалар	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м

	жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	
16	Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спор бөлімінің "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
17	"Ордабасы аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
18	"Ордабасы аудандық ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
19	"Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
20	<i>Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің "Таза су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны</i>	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
21	Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің "Темірлан абаттандыру" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
22	"Ордабасы аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
23	"Ордабасы аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
24	"Ордабасы аудандық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м
25	"Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан е/м

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2020 жыл – 30.04.2022 жылдар аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2022 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «**Ордабасы ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу**» аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 23.05.2022 жыл - 01.07.2022 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 25 аудит объектісі қамтылды. Оның ішінде 19 мемлекеттік мекеме, 4 коммуналдық мемлекеттік мекемесінде және үстеме тексерулер 1 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында, 1 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында жүргізілді.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес Ордабасы ауданының бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына және жекелеген бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша бюджет

қаржысының жұмсалыуына аудит жүргізілді. Бұл ретте аудиторлық іс-шараның мақсатына сәйкес Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігіне, мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігіне тексеру жүргізілу жоспарланды.

Жалпы Ордабасы ауданы бюджетінің басты көрсеткіштері, негізінде, орындалған.

Ауданның 2020 жылға арналған бюджетінің көлемі 23844 658,0 мың теңге, оның ішінде жергілікті кірістері 1261984,0 мың теңгеге бекітілген.

Жыл ішінде нақтылау барысында бюджет көлемі 28 614 574,0 мың теңге болып, 4769 317,0 мың теңгеге ұлғайған, оның ішінде:

- жергілікті кірістер – 769 286,0 мың теңгеге;
- ағымдағы нысаналы трансферттер – 2660 222,0 мың теңгеге;
- нысаналы даму трансферттер – 699 544,0 мың теңгеге;
- бюджет қаражаты бос қалдықтары есебінен – 242 886,0 мың теңгеге артқан,
- қарыздар түсімі – 8 072,0 мың теңгеге кеміген.

Негізінен аудан бюджетінің кіріс бөлігінде 2020 жылы жоғары бюджеттен түсетін трансферттер 92,9 пайызды, ал өз кірістері 7,1 пайызды құраған.

Жыл қорытындысымен аудан бюджетінің кіріс бөлігі 100,9 пайызға орындалған (*жоспар 28613 975,0 мың теңге, нақты түскені 28857 616,0 мың теңге*).

Ауданның 2021 жылға бекітілген бюджеті 22 621 540,0 мың теңге болса, 6 рет нақтылау және 11 рет түзету барысында 8 177 297,0 мың теңгеге артып, түзетілген бюджет 30 501 740,0 мың теңгені құраған. Оның ішінде республикалық және облыстық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттері есебінен 7 127 626,0 мың теңгеге ұлғайтылса, жергілікті өзіндік кірістер 1 049 671,0 мың теңгеге артқан.

2021 жылға бекітілген жоспармен салыстырғанда бюджет көлемі 37,7% артқан.

2021 жылдың қорытындысымен жоспардағы жергілікті түсімдер 2 920 491,0 мың теңгенің орнына, нақты 3 037 754,0 мың теңге түсіп, 104,0% орындалған, немесе 117 263,0 мың теңгеге артық түскен.

Аудит нәтижелері көрсеткендей, Ордабасы ауданының бірқатар аудит объектілерінде бұзушылықтар анықталған. Атап айтқанда:

Жалпы аудитпен қамтылған 25 объектінің ішінде 9-де қаржылық бұзушылықтар, 1-объектіде тиімсіз жоспарланған бюджет қаражаты (активтері), 1-объектіде тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты (активтері) және 17-объектіде 58 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Яғни, Ордабасы ауданының жоспарлауға уәкілетті орган тарапынан бюджетке түсетін түсім көздерін жоспарлау барысында алдағы уақытта негізділігіне мән беріліп, сапалы жоспарлануына назар аудару қажет.

Бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, бюджет қаржысының толық игерілуін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында жергілікті атқарушы орган тарапынан және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша

Жалпы аудитпен 19 679 088,2 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 4 187 698,6 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2020 жыл кезеңі бойынша 7 973 156,5 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 2 080 756,6 мың теңге*), 2021 жыл кезеңі бойынша 7 207 573,7 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 511 232,0 мың теңге*), 2022 жылдың 4-айы тексеру кезеңіне 4 498 358,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 1 595 710,0 мың теңге*) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 25 объектінің ішінде 9-де қаржылық бұзушылықтар, 1-объектіде тиімсіз жоспарланған бюджет қаражаты (активтері), 1-объектіде тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты (активтері) және 17-объектіде 58 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы барлығы **1 081 374,4 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **92,2 мың теңге**;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **1 081 282,2 мың теңге**.

Анықталған тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **330 971,6 мың теңге**.

Анықталған тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **101 618,1 мың теңге**.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **1 081 374,4 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **1 081 282,2 мың теңге**, өтелуге жататыны **92,2 мың теңге**.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **1 081 374,4 мың теңге** өтеліп қалпына келтірілген (*оның ішінде 1 081 282,2 мың теңге қалпына келтірілген болса, 92,2 мың теңгесі өтелді*)

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 58 бірлік бұзушылық фактілері 17 объектіде орын алған.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 4 мекемеде 92,2 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:

1. Айлық жалақыны дұрыс есептемеу салдарынан 4 мекемеде **92,2 мың теңге** қаржылық бұзушылық анықталған. Атап айтқанда:

- «Төрткүл ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 30,0 мың теңге;

- «Жеңіс ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 17,9 мың теңге;

- «Ордабасы аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 22,5 мың теңге;

- «Шұбар ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 21,8 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексінің 103-бабының 1-тармағының талаптары сақталмаған.

II. 5 мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы 1 081 282,2 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

- «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 301 084,4 мың теңге;

- «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің «Темірлан абаттандыруКММ-сі бойынша 379 120,0 мың теңге;

- «Ордабасы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 298 457,6 мың теңге;

- «Қажымұқан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 700,2 мың теңге;

- «Қараспан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 101 920,0 мың теңге.

Бұл ретте: Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 243, 244, 271, 403 тармақтарының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» 16, 51 және 2.2.2. «Мемлекеттік мекемелер мен басқа да ұйымдардан ұзақ мерзімді активтерді өтеусіз алу» тармақтарының талаптары сақталмаған.

III. 1 мекемеде тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 330 971,6 мың теңгені құраған.

Атап айтқанда:

«Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 330 971,6 мың теңге.

Бұл ретте, ҚР 04.12.2008 жылғы №95-IV Бюджет Кодексінің 3-бабының 1-тармағының 12-4-тармақшасы, 4-бабының 12-тармақшасының талаптары сақталмаған.

IV. 1 мекемеде тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 101 618,1 мың теңгені құраған.

Атап айтқанда:

«Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 101 618,1 мың теңге.

Бұл ретте, ҚР 04.12.2008 жылғы №95-IV Бюджет Кодексінің 3-бабының 1-тармағының 12-4-тармақшасы, 4-бабының 12-тармақшасының талаптары сақталмаған.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 58 бірлік бұзушылық фактілері 17 объектіде орын алған.

Атап айтқанда:

1. Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 18 бірлік 11 мекемеде анықталған:

«Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

«Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Ордабасы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

«Ордабасы ауданы әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Ордабасы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 1 бірлік;

«Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

«Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

«Бадам ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

«Бөген ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

«Қажымұқан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

«Қаракұм ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

«Шұбарсу ауыл округі әкімі аппараты» ММ бойынша 3 бірлік;

«Шұбар ауыл округі әкімі аппараты» мекемесі бойынша 1 бірлік.

2. Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 40 бірлік 14 мекемеде анықталған:

«Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімінің "Таза су" МКК-сі бойынша 5 бірлік;

«Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 5 бірлік;

«Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

«Ордабасы ауданы әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Ордабасы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 5 бірлік;

«Ордабасы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

«Бадам ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

«Бөген ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

«Бөржар ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 4 бірлік;

«Қажымұқан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

«Қарақұм ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

«Қараспан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

«Шұбарсу ауыл округі әкімі аппараты» ММ бойынша 3 бірлік;

«Жеңіс ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

«Шұбар ауыл округі әкімі аппараты» мекемесі бойынша 2 бірлік.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

Аудан бойынша негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2020 жылы орындалуын талдау.

Ордабасы ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2020 жылы орындалуы төмендегідей:

Ордабасы ауданының 2020 жылғы жалпы өңірлік өнімі 87 890,1 млн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда (79 198,8 млн.теңге) 111,0% құраған.

Халық саны 122,3 мың адамды құрап (2019 жылы 121,6 мың адам), 2019 жылмен салыстырғанда халық саны 0,6% артқан.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2020 жылы Ордабасы ауданы бойынша жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 21 518,6 млн.теңгені құрап, нақты көлем индексі 104,1 % құраған.

2020 жылғы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 50 204,9 млн.теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 105,8% құраған.

2020 жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 17 444,8 млн.теңгені құраған, оның ішінде республикалық бюджет есебінен 1 570,6 млн.теңге, жергілікті бюджеттен 1 458,1 млн.теңге, жеке сектор есебінен 12 984,1 млн.теңге, басқада қарыз қаражаты есебінен 1 432,0 млн. теңге.

Ордабасы ауданында 2020 жылы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 11 020 бірлікті құраған. Ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 15,1 мың адам.

2020 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 41,5 млрд. теңге. Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 2020 жылы 35 бірлікті құраған.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2020 жылы 5 680,0 млн. теңге, бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 107,0% орындалған.

Экономикалық белсенді халық саны 49,8 мың адамды құраған.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2020 жылы 5,2% құрап, 2019 жылы 5,2% болған.

2020 жылы тіркелген қылмыстардың саны 327 бірлік немесе 2019 жылмен (457) салыстырғанда 28,4% төмендеген.

Даму бағдарламасының нақты қол жеткізілген мақсаттарын, міндеттерін, нысаналы индикаторларын, іске асырылу нәтижелерінің көрсеткіштерін, сондай-ақ оларға қол жеткізілмеу себептерін талдау.

«Ордабасы ауданының 2016-2020 жылдарға арналған аумақтық даму бағдарламасы» Ордабасы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №31 қауылысымен мақұлданып, Ордабасы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 ақпандағы №52/3 шешімімен бекітілген. Соңғы рет «Ордабасы ауданының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы туралы» аудан әкімдігінің 2020 жылғы 23 қарашадағы №571 қаулысы, Ордабасы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы №53/2 шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Ауданның 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасында 2020 жылға 5 бағыт бойынша 31 нысаналы индикатор, 33 түпкілікті нәтиже көрсеткіштері жоспарланған. 2020 жылдың қорытындысымен индикаторлық көрсеткіштерге талдау жасалынып, қорытындысымен 4 нысаналы индикаторлар және 3 түпкілікті нәтиже көрсеткіштері орындалмаған.

Атап айтқанда **нысаналы индикаторлар** бойынша:

- Кен өндіру өнеркәсібі өнімінің нақты көлем индексі жоспары 100% болса, нақты 63,1%-ға;

- Бөлшек сауданың нақты көлем индексі жоспары 104,5% болса, нақты 99,2%-ға;

- Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі жоспары 101,5% болса, нақты 95,3%-ға;

- Көшелерде жасалған қылмыстардың үлес салмағы бойынша 9,5%-дан асырмау болса, нақты 16,5%-ға орындалған.

Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері бойынша:

- Негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру жоспары 100% болса, нақты 49,1%-ға;

- Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру жоспары 100% болса, нақты 88,9%-ға;

- Өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру жоспары 100% болса, нақты 72,1%-ға;

- Көшелерде жасалған ұрлықтар деңгейінің төмендеуі бойынша 2,5%-дан асырмау болса, нақты 2,8%-ға орындалған.

Ордабасы ауданының дамыту бағдарламаларының мониторингін жыл қорытындылары бойынша жүргізу үшін 2020 жылдың қортындысы бойынша ауданның дамыту бағдарламасын іске асыруға қатысатын бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына іске асыру туралы ақпаратты бекітілген аумақты дамыту бағдарламасының мониторингі бойынша жедел есептілік әзірленіп, жылдың қорытындысы бойынша ұсынылған. Ауданның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган ұсынған іске асыру туралы ақпарат негізінде ауданның даму бағдарламасын іске асыру туралы есепті қалыптастырған.

Аудан бойынша негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2021 жылы орындалуы.

Ордабасы ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2021 жылы орындалуы төмендегідей:

Ордабасы ауданының 2021 жылғы жалпы өңірлік өнімі 111 млрд. 851 млн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда (88 755,7 млн.теңге) 126,0% құраған.

Халық саны 123,2 мың адамды құрап (2020 жылы 857 мың адам), 2020 жылмен салыстырғанда халық саны 0,7% артқан.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2021 жылы Ордабасы ауданы бойынша жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 27 748,9 млн.теңгені құрап, нақты көлем индексі 106,9 % құраған.

2021 жылғы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 65 999,0 млн.теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 100,0% құраған.

2021 жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 23 156,8 млн.теңгені құраған, оның ішінде республикалық бюджет есебінен 4 325,6 млн.теңге, жергілікті бюджеттен 4 919,5 млн.теңге, меншікті қаражаттар есебінен 10 145,3 млн.теңге, банктердің кредиттері есебінен 2 776,5 млн. теңге, басқада қарыз қаражаты есебінен 990,0 млн. теңге.

Ордабасы ауданында 2021 жылы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 11 417 бірлікті құраған. Ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 16,8 мың адам.

2021 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 63,4 млрд. теңге. Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 2021 жылы 39 бірлікті құраған.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2021 жылы 6 218,7 млн. теңге, бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 101,0% орындалған.

Экономикалық белсенді халық саны 48,7 мың адамды құраған.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2021 жылы 5,0% құрап, 2020 жылы 5,2% болған.

2021 жылы тіркелген қылмыстардың саны 309 бірлік немесе 2020 жылмен (327) салыстырғанда 5,6% төмендеген.

Бұл ретте Ордабасы ауданының бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан жалпы жұмыстар атқарылғанымен, бюджеттің негізгі параметрлері толық орындалмаған. Ордабасы ауданының негізгі әлеуметтік- экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалуын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы аудан тарапынан нәтижелілік толық қамтамасыз етілмеген. Мұндай жағдайға, аудит барысында анықталған қаржылық бұзушылықтар мен рәсімдік бұзушылықтар, қаржының тиімсіз жоспарлануы мен тиімсіз жұмсалуды тікелей әсер етуде деп есептейміз.

Бұл өз кезегінде жалпы Түркістан облысы бойынша әлеуметтік- экономикалық даму көрсеткіштерінің толық орындалуына кері әсерін тигізеді деп есептейміз.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:

«Ордабасы ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша **ішкі мемлекеттік аудит департаментіне бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша (5 материал), Түркістан облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына (1 материал), барлығы әкімшілік шара көру үшін 6 материал жолданып, 6 материалмен жалпы сомасы 638,0 мың теңге әкімшілік айыппұл сомасы салынып, бюджетке өндірілді. Атап айтқанда:**

1. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне: «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің «Темірлан абаттандыру» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бас маман есепші Кузембаева Амина Байдусеновнаға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 04.07.2022-ғы № 09/1481 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 19.07.2022 жылғы №02-38/3117 санды жауап хатында, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238-бабының 1-бөлігімен Кузембаева Амина Байдусеновнаға қысқартылған түрдегі **76 575** теңге айыппұл салу түріндегі әкімшілік жаза қолданылып, төленгендігі хабарланған.

2. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне: «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бас маман

есепші А.Мадиевке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 04.07.2022-ғы № 09/1482 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 19.07.2022-ғы № 02-38/3120 санды жауап хатында, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238 бабының 1-тармақшасының 2-бөлігімен Мадиев Алдияр Абдижапбаровичке қысқартылған түрдегі **76 575** теңге айыппұл салу түріндегі әкімшілік жаза қолданылып, төленгендігі хабарланған.

3. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне: «Ордабасы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бас инспектор есепші Қабыштай Күлзада Әбдікәрімқызына әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 14.07.2022-ғы № 09/1581 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 19.07.2022-ғы № 02-38/3123 санды жауап хатында, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238 бабының 1-тармақшасының 2-бөлігімен Түктібаева Лаура Нұрланқызына қысқартылған түрдегі **76 575** теңге айыппұл салу түріндегі әкімшілік жаза қолданылып, төленгендігі хабарланған.

4. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне: «Ордабасы ауданы «Қажымұқан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бас маман есепші Нурпеисов Нурлан Илесовичке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 14.07.2022-ғы № 09/1577 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 29.07.2022 жылғы №02-38/3254 санды жауап хатында, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238-бабының 1-бөлігімен бас маман есепші Нурпеисов Нурлан Илесовичке қысқартылған түрдегі **76 575** теңге айыппұл салу түріндегі әкімшілік жаза қолданылып, төленгендігі хабарланған.

5. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне: Ордабасы аудандық «Қараспан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бас маман есепші Қалмұрза Тілеуберген Қарабайұлына әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 14.07.2022-ғы № 09/1580 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 29.07.2022 жылғы №02-38/3253 санды жауап хатында, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238-бабының 1-бөлігімен бас маман есепші Қалмұрза Тілеуберген Қарабайұлына қысқартылған түрдегі **76 575** теңге айыппұл салу түріндегі әкімшілік жаза қолданылып, төленгендігі хабарланған.

6. Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына:

«Қараспан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде ғимараттарды күрделі жөндеу кезіндегі нормативтерді бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 316 бабына сәйкес, «Қараспан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі Умаров Нуржан Жаксылыковичке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 14.07.2022-ғы № 09/1579 санды хатпен жолданып, Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының 26.07.2022 жылғы №40-03-06/1239 санды жауап хатында, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 316-бабының 1-бөлігімен Умаров Нуржан Жаксылыковичке қысқартылған түрдегі **245 040 теңге** айыппұл салу түріндегі әкімшілік жаза қолданылып, төленгендігі хабарланған.

Аудиторлық іс-шара барысында барлығы **8** жауапты лауазымды тұлғаларға және аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында **12** жауапты тұлғаларға **барлығы 20 жауапты лауазымды тұлғаларға** тәртіптік шара қолданылды.

Сондай-ақ, аудиторлық іс-шара барысында барлығы **1 081 374,4 мың теңге** өтеліп қалпына келтірілген *(оның ішінде 1 081 282,2 мың теңге қалпына келтірілген болса, 92,2 мың теңгесі өтелді)*

Атап айтқанда:

1. Ордабасы ауданы «Төрткүл ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мемлекеттік аудит барысында мекеменің бас маманы Сұлтан Олжасқа артық есептелініп, төленген 30 043 теңге айлық жалақ 17.06.2022 жылғы №0006 төлем түбіртегімен бюджетке өтелді. Анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі М.Әденге 30.06.2022 жылғы №28 өкімімен «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілген.

2. Ордабасы ауданы «Жеңіс ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мемлекеттік аудит барысында мекеменің бас маманы Ж.Ержанға артық есептелініп, төленген 17 920 теңге айлық жалақ 27.06.2022 жылғы №2206270558445 төлем түбіртегімен бюджетке өтелді. Анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Н.Нурекеевке 20.06.2022 жылғы №5-ж өкімімен «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілген.

3. Ордабасы ауданы «Шұбар ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мемлекеттік аудит барысында мекеменің статисті А.Утелбаеваға артық есептелініп, төленген 21 883 теңге айлық жалақ 30.06.2022 жылғы №2206302128109 төлем түбіртегімен бюджетке өтелді. Анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Н.Қонысбаевқа 28.06.2022 жылғы №7/н өкімімен «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілген.

4. «Ордабасы аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Мемлекеттік аудит барысында мекеменің бас маманы М.Садуге артық есептелініп, төленген 22 481 теңге айлық жалақ 16.06.2022 жылғы №2206164584708 төлем түбіртегімен бюджетке өтелді. Анықталған

бұзушылықтарға жол берген мекеменің статисті У.Жолболдиеваға 15.06.2022 жылғы №10 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілген.

5. «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің «Темірлан абаттандыру» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Мемлекеттік аудит барысында мекемемен 2022 жылдың 07 маусымында бухгалтерлік жазба беріліп, баланстық құны 379 120,0 мың теңгені құрайтын Темірлан елді мекеніндегі «Орталық саябақ» бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынды, бас бухгалтер Кузембаева Амина Байдусеновнаға 17.06.2022 жылғы №68 бұйрығымен жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілген.

6. «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің "Таза су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. Мемлекеттік аудит барысында бас бухгалтер Маханова Аизат Серікбайқызына 16.06.2022 жылғы №43 бұйрығымен жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілген.

7. «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Мемлекеттік аудит барысында мекемемен 2022 жылдың 8 маусымында бухгалтерлік жазба беріліп, баланстық құны 301 084,4 мың теңгені құрайтын Темірлан елді мекеніндегі «Орталық саябақ» бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынған, бас маман-есепшісі А.Мадиевке 17.06.2022 жылғы №45-ж бұйрығымен жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілген.

8. «Ордабасы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мемлекеттік аудит барысында «Ордабасы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімшілік ғимаратының құны 298 457,6 мың теңгеге өсірілген, бас маман-есепшісі К.Кабыштайға 27.06.2022 ж. №127-ж бұйрығымен жіберген кемшіліктері үшін ескерту түріндегі жаза көрілген.

9. «Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында «Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 07.07.2022 жылғы №229-08/3-13/215 хатымен, «Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының 30.06.2022 жылғы №31-ж бұйрығымен бас маманы Исабек Сәуле Шайхқызына жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түріндегі жаза көрілгені хабарланды.

10. Ордабасы ауданы әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Ордабасы аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Ордабасы ауданы әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Ордабасы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 22.06.2022 жылғы №43 хатымен, кәсіпорын басшысының 22.06.2022-ғы №66 бұйрығымен есепшісі

А.Кабылбековаға жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түріндегі жаза көрілгені хабарланды.

11. Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спор бөлімінің «Ордабасы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спор бөлімінің «Ордабасы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 30.06.2022 жылғы №96 хатымен, кәсіпорын басшысының 30.06.2022-ғы №51 бұйрығымен есепші Г.Джолдасоваға жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түріндегі жаза көрілгені хабарланды.

12. Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спор бөлімінің "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спор бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 07.07.2022 жылғы №13 хатымен, кәсіпорын басшысының 30.06.2022-ғы №51 бұйрығымен есепші Т.Бимахановқа жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түріндегі жаза көрілгені хабарланды.

13. Ордабасы ауданы «Қажымұхан ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Ордабасы ауданы «Қажымұхан ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 14.07.2022 жылғы №682 хатымен, Қажымұхан ауылдық округінің әкімінің 14.07.2022-ғы №23 өкімімен бас маман есепші Н.Нурпеисовқа жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түріндегі жаза көрілгені хабарланды.

14. «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 25.07.2022 жылғы №09/02-14/85 хатымен, Бөлім басшысының 25.07.2022-ғы №27-ж бұйрығымен сектор меңгерушісі Алишев Болат Копеновичке жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түріндегі жаза көрілгені хабарланды.

15. Ордабасы ауданы «Бөржар ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Ордабасы ауданы «Бөржар ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 14.07.2022 жылғы №909 хатымен, Бөржар ауылдық округінің әкімінің 14.07.2022-ғы №28/ж өкімімен бас маман есепші Б.Полатбековке жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түріндегі жаза көрілгені хабарланды.

16. Ордабасы ауданы «Қараспан ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Ордабасы ауданы «Қараспан ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 21.07.2022 жылғы №372 хатымен, Қараспан ауылдық округінің әкімінің 19.07.2022-ғы №20 өкімімен бас маман есепші Т.Қалмұрзаға жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түріндегі жаза көрілгені хабарланды.

17. Ордабасы ауданы «Шұбарсу ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Ордабасы ауданы «Шұбарсу ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 26.07.2022 жылғы №28/01-08/67 хатымен, Шұбарсу ауылдық округінің әкімінің 25.07.2022-ғы №36 өкімімен бас маман есепші Е.Турисбековке жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түріндегі жаза көрілгені хабарланды.

18. Ордабасы ауданы «Қарақұм ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Ордабасы ауданы «Қарақұм ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 25.07.2022 жылғы №292 хатымен, Қарақұм ауылдық округінің әкімінің 25.07.2022-ғы №20 өкімімен бас маман есепші А.Кулимовке жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түріндегі жаза көрілгені хабарланды.

19. Ордабасы ауданы «Бөген ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Ордабасы ауданы «Бөген ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 27.07.2022 жылғы №320 хатымен, Бөген ауылдық округінің әкімінің 08.07.2022-ғы №19 өкімімен бас маман есепші С.Жолболдыға жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түріндегі жаза көрілгені хабарланды.

20. Ордабасы ауданы «Бадам ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Ордабасы ауданы «Бадам ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 27.07.2022 жылғы №255 хатымен, Бадам ауылдық округінің әкімінің 19.07.2022-ғы №28/Ж өкімімен бас маман есепші Г.Бекмурзаевқа жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» түріндегі жаза көрілгені хабарланды.

3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша «Ордабасы ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

Жалпы Ордабасы ауданы бюджетінің басты көрсеткіштері, негізінде, орындалған.

Ауданның 2020 жылға арналған бюджетінің көлемі 23844 658,0 мың теңге, оның ішінде жергілікті кірістері 1261984,0 мың теңгеге бекітілген.

Жыл ішінде нақтылау барысында бюджет көлемі 28 614 574,0 мың теңге болып, 4769 317,0 мың теңгеге ұлғайған, оның ішінде:

- жергілікті кірістер – 769 286,0 мың теңгеге;
- ағымдағы нысаналы трансферттер – 2660 222,0 мың теңгеге;
- нысаналы даму трансферттер – 699 544,0 мың теңгеге;

- бюджет қаражаты бос қалдықтары есебінен – 242 886,0 мың теңгеге артқан,
- қарыздар түсімі – 8 072,0 мың теңгеге кеміген.

Негізінен аудан бюджетінің кіріс бөлігінде 2020 жылы жоғары бюджеттен түсетін трансферттер 92,9 пайызды, ал өз кірістері 7,1 пайызды құраған.

Жыл қорытындысымен аудан бюджетінің кіріс бөлігі 100,9 пайызға орындалған (*жоспар 28613 975,0 мың теңге, нақты түскені 28857 616,0 мың теңге*).

Ауданның 2021 жылға бекітілген бюджеті 22 621 540,0 мың теңге болса, 6 рет нақтылау және 11 рет түзету барысында 8 177 297,0 мың теңгеге артып, түзетілген бюджет 30 501 740,0 мың теңгені құраған. Оның ішінде республикалық және облыстық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттері есебінен 7 127 626,0 мың теңгеге ұлғайтылса, жергілікті өзіндік кірістер 1 049 671,0 мың теңгеге артқан.

2021 жылға бекітілген жоспармен салыстырғанда бюджет көлемі 37,7% артқан.

2021 жылдың қорытындысымен жоспардағы жергілікті түсімдер 2 920 491,0 мың теңгенің орнына, нақты 3 037 754,0 мың теңге түсіп, 104,0% орындалған, немесе 117 263,0 мың теңгеге артық түскен.

Ордабасы ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2021 жылы орындалуы төмендегідей:

Ордабасы ауданының 2021 жылғы жалпы өңірлік өнімі 111 млрд. 851 млн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда (88 755,7 млн.теңге) 126,0% құраған.

Халық саны 123,2 мың адамды құрап (2020 жылы 857 мың адам), 2020 жылмен салыстырғанда халық саны 0,7% артқан.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2021 жылы Ордабасы ауданы бойынша жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 27 748,9 млн.теңгені құрап, нақты көлем индексі 106,9 % құраған.

2021 жылғы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 65 999,0 млн.теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 100,0% құраған.

2021 жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 23 156,8 млн.теңгені құраған, оның ішінде республикалық бюджет есебінен 4 325,6 млн.теңге, жергілікті бюджеттен 4 919,5 млн.теңге, меншікті қаражаттар есебінен 10 145,3 млн.теңге, банктердің кредиттері есебінен 2 776,5 млн. теңге, басқада қарыз қаражаты есебінен 990,0 млн. теңге.

Ордабасы ауданында 2021 жылы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 11 417 бірлікті құраған. Ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 16,8 мың адам.

2021 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 63,4 млрд. теңге. Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 2021 жылы 39 бірлікті құраған.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2021 жылы 6 218,7 млн. теңге, бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 101,0% орындалған.

Экономикалық белсенді халық саны 48,7 мың адамды құраған.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2021 жылы 5,0% құрап, 2020 жылы 5,2% болған.

2021 жылы тіркелген қылмыстардың саны 309 бірлік немесе 2020 жылмен (327) салыстырғанда 5,6% төмендеген.

Алайда, «Ордабасы ауданының 2016-2020 жылдарға арналған аумақтық даму бағдарламасы» Ордабасы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №31 қауылысымен мақұлданып, Ордабасы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 ақпандағы №52/3 шешімімен бекітілген. Соңғы рет «Ордабасы ауданының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы туралы» аудан әкімдігінің 2020 жылғы 23 қарашадағы №571 қаулысы, Ордабасы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы №53/2 шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Ауданның 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасында 2020 жылға 5 бағыт бойынша 31 нысаналы индикатор, 33 түпкілікті нәтиже көрсеткіштері жоспарланған. 2020 жылдың қорытындысымен индикаторлық көрсеткіштерге талдау жасалынып, қорытындысымен 4 нысаналы индикаторлар және 3 түпкілікті нәтиже көрсеткіштері орындалмаған.

Атап айтқанда **нысаналы индикаторлар** бойынша:

- Кен өндіру өнеркәсібі өнімінің нақты көлем индексі жоспары 100% болса, нақты 63,1%-ға;

- Бөлшек сауданың нақты көлем индексі жоспары 104,5% болса, нақты 99,2%-ға;

- Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі жоспары 101,5% болса, нақты 95,3%-ға;

- Көшелерде жасалған қылмыстардың үлес салмағы бойынша 9,5%-дан асырмау болса, нақты 16,5%-ға орындалған.

Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері бойынша:

- Негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру жоспары 100% болса, нақты 49,1%-ға;

- Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру жоспары 100% болса, нақты 88,9%-ға;

- Өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру жоспары 100% болса, нақты 72,1%-ға;

- Көшелерде жасалған ұрлықтар деңгейінің төмендеуі бойынша 2,5%-дан асырмау болса, нақты 2,8%-ға орындалған.

Ордабасы ауданының дамыту бағдарламаларының мониторингін жыл қорытындылары бойынша жүргізу үшін 2020 жылдың қорытындысы бойынша ауданның дамыту бағдарламасын іске асыруға қатысатын бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына іске асыру туралы ақпаратты бекітілген аумақты дамыту бағдарламасының мониторингі бойынша жедел есептілік әзірленіп, жылдың қорытындысы

бойынша ұсынылған. Ауданның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган ұсынған іске асыру туралы ақпарат негізінде ауданның даму бағдарламасын іске асыру туралы есепті қалыптастырған.

Бұл ретте Ордабасы ауданының бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан жалпы жұмыстар атқарылғанымен, бюджеттің негізгі параметрлері толық орындалмаған. Ордабасы ауданының негізгі әлеуметтік- экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалуын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы аудан тарапынан нәтижелілік толық қамтамасыз етілмеген. Мұндай жағдайға, аудит барысында анықталған қаржылық бұзушылықтар мен рәсімдік бұзушылықтар, қаржының тиімсіз жоспарлануы мен тиімсіз жұмсалуды тікелей әсер етуде деп есептейміз.

Бұл өз кезегінде жалпы Түркістан облысы бойынша әлеуметтік- экономикалық даму көрсеткіштерінің толық орындалуына кері әсерін тигізеді деп есептейміз.

Жалпы аудитпен 19 679 088,2 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 4 187 698,6 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2020 жыл кезеңі бойынша 7 973 156,5 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 2 080 756,6 мың теңге*), 2021 жыл кезеңі бойынша 7 207 573,7 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 511 232,0 мың теңге*), 2022 жылдың 4-айы тексеру кезеңіне 4 498 358,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 1 595 710,0 мың теңге*) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 25 объектінің ішінде 9-де қаржылық бұзушылықтар, 1-объектіде тиімсіз жоспарланған бюджет қаражаты (активтері), 1-объектіде тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты (активтері) және 17 объектіде 58 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы барлығы **1 081 374,4 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **92,2 мың теңге**;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **1 081 282,2 мың теңге**.

Анықталған тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **330 971,6 мың теңге**.

Анықталған тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **101 618,1 мың теңге**.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **1 081 374,4 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **1 081 282,2 мың теңге**, өтелуге жататыны **92,2 мың теңге**.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **1 081 374,4 мың теңге** өтеліп қалпына келтірілген (*оның ішінде 1 081 282,2 мың теңге қалпына келтірілген болса, 92,2 мың теңгесі өтелді*)

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 58 бірлік бұзушылық фактілері 17 объектіде орын алған, оның ішінде, бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 18 бірлік, бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 40 бірлік .

Бұзушылықтар мен кемшіліктердің негізгі себептерінің бірі бюджеттік қаржыларды пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама, бухгалтерлік есептілікті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің талаптарының сақталмауы болып табылады.

Яғни, Ордабасы ауданының жоспарлауға уәкілетті орган тарапынан бюджетке түсетін түсім көздерін жоспарлау барысында алдағы уақытта негізділігіне мән беріліп, сапалы жоспарлануына назар аудару қажет.

Бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, бюджет қаржысының толық игерілуін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында жергілікті атқарушы орган тарапынан және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

2020, 2021 жылдың қорытындысы бойынша қол жеткізілмеген нысаналы индикаторларының, көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз ету бағытында тиісті іс-шаралар атқарылып, нәтижелілік қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар атқарылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде екендігі жөнінде тұжырым жасауға болады.

3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Ордабасы ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша аудиторлық қорытындыны бекітуге ұсынамын.

2. Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде екендігі танылсын.

3. Аудиторлық іс-шара барысында **барлығы 1 081 374,4** теңге өтеліп қалпына келтірілген, оның ішінде 1 081 282,2 мың теңге қалпына келтірілген, 92,2 мың теңгесі өтелді.

Сондай-ақ, аудиторлық іс-шара барысында барлығы 8 жауапты лауазымды тұлғаларға және аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында 12 жауапты тұлғаларға барлығы 20 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылғаны, әкімшілік шара көру үшін Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 5 материалдың және Түркістан облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына 1 материалдың жолданғаны, 6 материалмен жалпы сомасы 638,0 мың теңге әкімшілік айыппұл салынып, бюджетке өндірілгені назарға алынсын.

1. Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкіміне:

1) Ордабасы ауданы бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша:

- Ордабасы ауданының жоспарлауға уәкілетті орган тарапынан бюджетке түсетін түсім көздерін жоспарлау барысында алдағы уақытта негізділігіне мән беріліп, сапалы жоспарлануына назар аудару;

- бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, бюджет қаржысының толық игерілуін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында жергілікті атқарушы орган тарапынан және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу;

- қол жеткізілмеген нысаналы индикаторларының, көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз ету бағытында тиісті іс-шаралар атқарылып, нәтижелілік қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар атқару ұсынылсын.

Жоғарыда көрсетілген ұсыным бойынша қабылданған шаралар туралы мәлімет 2022 жылдың 22 қыркүйегіне дейін Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

4. Аудиторлық қорытынды бойынша аудандық мәслихатқа ақпарат жолдансын.

5. Аудиторлық қорытынды бойынша аудандық әкімдігіне ақпарат жолдансын.

3.4 Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.